




Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

СУ БАСҚАН АЙМАҚТАРДАҒЫ АХУАЛ ҚИЫН



Алашты алаң, елді елен қылған су басу жағдайлары көпшілік көкейінде тұр. Осы біз ала жаздай шырылдаған шегірткенің әдетіне басқан жоқпыз ба? Еліміздің он облысындағы жағдай оңай болмай тұр. Су басу қаупі сейілген жоқ. Қолда бар мәліметке сүйенсек, әр аймақта 100-ден астам тасқын тіркелген. 297 баспана суда қалып, әртүрлі маңыздағы 18 жолды су шайды. Оған қоса, екі көпір бұзылды. Төтенше жағдайлар министрлігі Ақтөбе, Ақмола, Атырау, Қостанай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ұлытау, Қарағанды, Павлодар және Абай облыстарында қауіптің сейілмей тұрғанын айтты.

Арпа мен бидайдың отанына айналған Қостанайда жағдай мүшкіл. Желмен жарысар жүйрік жылқылар да тасқынға төтеп бере алмай, суда қалып кетіп барады. Анау-мынау техникалар да төрт табанда тұра алмауда. Үкімет мүшелеріне депутаттық сауал жолдаған мәжіліс депутаты Сергей Пономарев өз сөзінде «Бір үйді су ала да үлкен қайғы, ал қазір жарты миллион адамның өмірі қыл үстінде тұр», – деп дабыл қақты.

– Өздеріңіз көріп отырғандай, еліміздің бірқатар өңірінде су деңгейі көтеріліп, тасқын болды. Барлық күш жұмылдырылды. Республикалық және өңірлік жедел штабтар күні-түні жұмыс істеп жатыр. Қазір төтенше жағдайлар, ішкі істер, қорғаныс министрліктері мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнаулы күштері мен құралдары – барлығы 4 мыңға жуық адам, 1,3 мыңнан астам техника су тасқынына қарсы жұмыстарға тартылды. Жол қатынасы қиын жерлерде адамдар тікұшақпен эвакуацияланып жатыр. Мұндай жұмыстар қауіп толық сейілгенше жалғасады. Жағдай қатаң бақылауға алынды. Зардап шеккендерге үкімет пен әкімдік тарапынан қажетті көмек көрсетіледі, – деді Солтүстік Қазақстан облысына сапарлаған ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов жағдайды жеткізе.

Табиғаттың тосын мінезіне төтеп беру оңай болмай тұр. Десе де елдің басына түскен қиындыққа жұмылған жұдырықтай біріге іске кіріскен елдегі төтеншеліктер бір-біріне көмекке баруға. Қостанай облысына Қарағанды және Қызылорда облысының құтқарушылары аттанды.

Мұндай су басу жағдайы өткен жылы да бірқатар өңірлерде тіркелген болатын. Мәселен, Батыс Қазақстан, Түркістан, Абай, Павлодар, Ақтөбе және Атырау облыстарында 170-ке тарта нысаны су басқан еді. Оның ар жағында 2022 жылы да еліміздің қауіпті өңірлерінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жоқ. Сол жылы 200-ден астам елді мекен қауіпті деген статус алған. Быыл да мәселе болып, мінберде көтеріліп жүрген қардың уақытылы шығарылауы, арықтардың тазаланбауы сол кездегі апатқа да себеп болды деген еді жауаптылар.

Жауапты азаматтар су басқан өңірлерді аралап, тұрғындармен кездесуде. Олардың айтуынша, зардап шеккен әрбір тұрғынға мемлекет тарапынан көмек көрсетіледі. Арнайы құрылған комиссия үйді-үйді аралап, жағдаймен жіті танысуда. Әрбір шығынды қағазға түсіріп, құжат жүзінде тіркейді. Өйтсе де дәл қазір шығынды нақты көлемі анықталмады. Тасқындың беті қайтқан соң тап-тұйнақтай қаралды деген жауаптылар боранды күні берілген үздені тынық күнде ұмытып кетпесе болғаны.

Дәулет ҚЫРДАН

«Көктемнің әр күні жылға азық». Жер-Анадан несібесін айырған дикан қауымы бүгінде қарбалас тірлікке білек сыбана кірісіп кетті. Егіншінің уайымы біткен бе? Ауа-райы да, су жайы, жер жағдайы, жанар-жағармай, сапалы тұқым – жыл айналып қайталама беретін мәселелер. Өткен жылы егін салар шақта жанар-жағармай ташшылығы мен бағаның өсуі егін еккен ел үшін үлкен жүк болғаны да ұмытыла қойған жоқ. Содан да болар, көктем шыға бийыл баға қалай құбылар екен деп алаңдайтындар аз емес. Осы аптада Үкімет басшысы елдегі егін ету дайындығын егіншіге ортақ мәселені тиімді шешу жағын пысықтады.



КӨКТЕМ ҚАРБАЛАСЫ: ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ЖЫРЫ ҚАЙТАЛАНБАЙ МА?

Премьер-Министр Олжас Бектенов егіс науқанын сапалы әрі уақытылы жүргізу мақсатында Үкімет қажетті шаралар қабылдағанын атап өтті. Атап айтқанда, «Кең Дала» бағдарламасы бойынша жеңілдікпен 140 млрд теңге несие беріледі. Сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қосымша 100 млрд теңге бөлінеді. Сондай-ақ форвардтық сатып алуға 40 млрд теңге және субсидиялар түрінде 95,4 млрд теңге қарастырылған.

Олжас Бектенов суармалы алқаптарды кеңейту, егіс алқаптарын әртарапандыру және қажетті статистикалық деректерді өзектендіру керек екенін атап өтті. Бұл бағыттағы жұмыс ай сайын Үкіметте қаралатын болады. Сондай-ақ Премьер-Министр бүгінде елімізде сапалы тұқым қоры мен тұқымның импорттына тәуелділік бойынша да проблемалар жеткілікті екенін, импортқа тәуелділік бар екенін атап өтті. Әсіресе бұл ұсақ және орта шаруашылықтар үшін өзекті болып отыр.

– Фермерлер жақсы тұқымға қол жеткізу мүмкін еместігін айтып, шағымданады. Азық-түлік корпорациясы жинақталған қордан кемінде 200 мың тонна тұқымды мұқтаж фермерлерге тауарлық несие түрінде бөлуі керек. Біздегі климаттық жағдайларға төзімді, өзімізде шығарылатын тұқымдық қордың көлемін ұлғайту қажет. Сонымен қатар агротехнологиялық тапалардың сақталмауы да өнімнің көлемі мен сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Ең алдымен, бұл – минералды тыңайтқыштардың, пестицидтер мен өсімдіктерді қорғайтын басқа да құралдардың қажетті мөлшерін қолдануға қатысты

мәселе. Бізде тыңайтқыштарды қолдану деңгейі ғылыми қажеттіліктің небәрі 21%-ын ғана құрады», – деп атап өтті премьер-министр.

Биыл Қазақстанда топыраққа 1,5 млн тоннаға жуық тыңайтқыш енгізу жоспарланған. Ауыл шаруашылығы министрлігі субсидиялаудың жаңа тетігін әзірледі, оның аясында шаруаның орнына тікелей тыңайтқыштар алдын ала берілетін болады. Тыңайтқыштарды әкімдіктердің кепілдігімен бөліп-бөліп беру мәселесі зауыттармен пысықталуда. Олжас Бектенов Президент бұл көрсеткішті барынша ұлғайту туралы нақты міндет қойғанын еске салды. Жоспар бойынша төлеп келген алғашқы 15% жарнаның орнына тікелей лизингтік компанияға инвестициялық субсидия салынуға тиіс. Бұл шаруаларға өздерінің айналым қаражатын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

– Фермерлер өздеріне тиесілі субсидиялардың тым кешігіп түсетініне наразылық білдірді. Өткен жылғы субсидиялар бойынша қарыз 160 млрд теңгеден асып кетті. Бұл қаражатты егіс жұмыстарына жаратуға болатын еді. Жеңілдікті дизель отынын

үлестіру барысы да ерекше бақылауда болуға тиіс. Алыпсатарлыққа және қолдан тапшылық жасауға жол бермеу керек», – деді Үкімет басшысы.

Бүгінде Сыр өңірінде егін ету басталып кетті. Үкімет отырысында елдегі егін ету жайын баяндаған облыс әкімі Н.Нәлібаев биыл күріш көлемі 5 мың гектарға азайғанын айтты. Сондай-ақ көктемгі дала жұмыстары ардайым назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

– Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы өнім көлемін 5 жылда 2 есеге арттыру тапсырмасына сәйкес, облыста 187 мың гектар жерге дақылдар егіледі. Оның ішінде күріш көлемі – 83,9 мың гектар. Өткен жылмен салыстырғанда егіс көлемін 6,4 мың гектарға, оның ішінде күрішті 5 мың гектарға азайттық. Орнына суды аз қажет ететін дақылдар егісін арттырамыз. Сырдария өзеніндегі су шаруашылығы жағдайы күрделі болғандықтан, су лимиті әлі белгіленбеген. Мемлекетаралық Су шаруашылығы үйлестіру комиссиясының 86-шы отырысында вегетация кезеңіне су лимиті белгіленгеннен кейін егіс көлемі қайта нақтыланатын болады. Бөлінген лимитке сәйкес күріш егісі әлі де қысқаруы мүмкін. Өңірде көктемгі егін ету жұмыстары наурыз айының 1-ші онкүндігінде басталды, мамырда аяқталады. Күріш сәуір айының 3-інші онкүндігінде себіле бастайды. Ерте егілетін дақылдар – жаңа жоңышқа, жаздық бидай, арпа, мақсары, кант құмайы жерге орналастырылуда. Бүгінгі күнге 16,5 мың гектары егілді», – деді аймақ басшысы.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ЖАҢБЫРДАН КЕЙІНГІ ҚАЛА



Бірнеше күн қатарынан толассыз жауған нөсер талайды табиғатқа терезден сығалатын қойды. Төбеден тамған тамшы қарапайым халықты былай қойғанда, қала тіршілігіне де едәуір залалын тигізді. Шаһарда қолданысқа берілгеніне көп бола қоймаған нысандардың өзі сыр берді. Жауу жүргіншілер жолындағы кеспетастар орнынан тайқыды. Тұрғын үйлердің аулаларында су жиналып көл болар сайлар пайда болды. Ол ол ма, қалалық әкімдіктің алдында да мұндай олқылықтар көзге шыққан сүйелдей көрініп қалды. Былайғы жұрт мердігердің шала-шарпы жұмысына наразы, ал жауаптылар бар кінәні табиғатқа аударды.

Бүгінде қала әкімінің тапсырмасына сәйкес табиғаттың тосын мінезінен зардап шеккен нысандардың қалыпқа келтіру үшін алдымен аралау жұмыстары жүргізілуде. Қала 5 секторға бөлініп, жауапты мамандар жіті бақылауға алған. Жаңбырдан соңғы жағдайдың қаншалықты екені көзге де көрініп тұр. Өйтсе де таспада қалмау керек, олқылық дер кезінде қолға алына ғана жөнді болары хақ.

– Жауын-шашыннан кейін қала бойынша бірқатар ақаулар бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Мамандардың айтуынша, екі күн ішінде бір айда жауатын жауын-шашын түскен. Біз бұл аралау барысында Бейбарыс сұлтан көшесіндегі былтыр абаттандыру жүргізілген аумақтарда бірқатар олқылықтарды байқадық. Мердігер мекеменің кепіл мерзіміне сәйкес жұмыс істеледі. Кеспетастардың астындағы құмы сумен шайылып, өздері орнын жоғалтқан. Мұның кепілдік мерзімі бар. Жақын күндері қалыпқа келтіріледі, – дейді қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Дархан Бақтияров.

Мұндай жағдайлар қалалық әкімдіктің алдындағы «Арбат» атанған аумақ, яғни, Ыбырай Жақаев

көшесінде де кездесті. Тас төсеніштердің орны опырылып, шашылып қалған. Кезінде құмды нығыздау процесі толық атқарылмағаны айқын аңғарылатындай.

– Ыбырай Жақаев көшесінде 2023 жылы қалалық құрылыс бөлімі арқылы ауысу құбыры жүргізілген. Мұнда да жауын-шашын салдарынан кеспетастар ойнап, орындарынан ауытқыды. Мекеменің келісім-шарты бойынша ойылған жердің барлығы қалыпқа келтіріледі. Бұл келісімшартқа көрсетілген, – дейді Д.Бақтияров.

Сонымен қатар жауынды күндері төбеден су тамшылаған көпқабатты тұрғын үйлер де бар. Шатыры конеріп, су ұстамайтын халге жеткен. Қайта жаңғырту бағдарламасы қарқын ала да жөндеу көрмеген үйлер бар. Бірақ басы орынбасары мұның барлығы тұрғындардың өз келісіміне сәйкес болуы керекін айтты.

– Мысалы, мұндай үйлер қатарында «Шұғыла» шағын ауданындағы №52 үй бар. Кешегі жауында үйдің төбесінен су ақты. Бұл үй бірнеше жыл қатарынан қайта жаңғыртуға ұсынылған. Бірақ тұрғындар келіспеді. Тұрғын үй қатынастары туралы заңда айтылғандай, мұны тұрғындар өздері жөндеу керек, – дейді сала өкілі.

Дәл осы күні жаңбырдан соң өзгеріске ұшырап, қалпын жоғалтқан нысандар маңында тас төсеніштері жиналып, қайта қалпына келтіру жұмыстары басталып кеткен. Ал кейбірі сол үңірейіп, сайға айналған күйі әлі тұр. Сыр берген нысандар қалыпқа келе ме, әлде сол күйі қалып қоя ма, оны уақыт көрсетеді. Дегенмен жауынды екі күн Сыр құрылысының сапасын қолмен қойғандай көрсетіп берді. Оны мойындауымыз керек.

Аян СПАНДИЯР
Суреттерді түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шыққанына және «Абзал и К» компаниясының құрылғанына 30 жыл толуына орай өтетін байқау ЕРЕЖЕСІ

Байқау төмендегідей 3 номинация бойынша өтеді:

1. «Күріш хикаялары» рилс байқауы.

Байқау шарты бойынша сюжеттің маңызды элементі күріш болуы тиіс. Рилс ұзақтығы – 1-2 минуттан аспауы қажет. Рилсты «Күріш хикаялары» байқауына қатысқан деп жазып, #АбзалиК #үздікөнім хэштегтері қолданылуы керек. Мұны комедиялық рилс немесе маңызды ақпарат түрінде жасауға болады. Жеңімпаздар сценарий сапасы, орындаушылық, шығармашылық шеберлігіне қарай таңдалынады.

2. «Дикан мен журналист» пост байқауы.

Байқау шарты бойынша қос мамандықтың қыр-сырын ашып көрсету маңызды. Пост мәтіні 1000 символдан аспауы керек (Мәтінмен қоса фото немесе видео ұсыну қажет). Пост астына #АбзалиК #үздікөнім және #Ақмешітапталығы30жыл хэштегтері қолдану керек.

3. «Мен «Ақмешіт апталығын» оқимын!» деген тақырыпта қызықты әрі креативті, ұзақтығы 30 секундтан аспайтын рилс түсіру. #Ақмешітапталығы30жыл хэштегін қолдану керек.

Байқау шарты: Байқауға қатысушылар рилс пен постты өз инстаграм парақшасына жариялап, aqmeshit_apталыгу және abzalcompanу парақшасын белгілеп, сторисіне бөлісуі қажет. Байқау мерзімі: 2024 жылдың 1-13 сәуір аралығы.

Байқау қорытындысы бойынша әр номинациядан бір үздік анықталады. Марапаттау 15 сәуірде өтеді. Жеңімпаздар «Абзал и К» компаниясы ұсынған бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Байқаудың демеушісі: «Абзал и К» компаниясы. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А. Темірбек Жүргенов атындағы шығармашылық үйі. Байланыс телефонымыз: 8 (7242) 40-11-10, ішкі нөмір 1022. Электрондық мекен-жай: akmeshit.kz@mail.ru

Ұйымдастыру комиссиясы

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНДА – ЖАҢА ТӨРАҒА

Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің кезекті пленумы өтті. Жыныға қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, пленум мүшелері мен қоғамдық ұйым құрамындағы ардагерлер қатысты. Пленумда бұған дейін қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарып келген Сұлтанбек Тәуіпбаевтың өткен жылы атқарған жұмысының есебі тыңдалды. Жарысөзге шығып сойлеуші пленум мүшелері кеңес жұмысына оң бағасын берді. Кеңес қаулысы негізінде Сұлтанбек Тәуіпбаев басқа жұмысқа ауысуына байланысты кеңес төрағасы міндетінен босатылды. Оның орнына қоғам қайраткері Шакизат Хамитұлының жұмысына сәттілік тіледі.



Жыны соңында қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев және облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев Сұлтанбек Тәуіпбаевтың осы кезге дейін атқарған қызметіне ризашылық білдіріп, сый-сияпат жасады. Ал ұйымның жаңадан сайланған төрағасы Шакизат Хамитұлының жұмысына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, бүгінде қала бойынша 32 мыңнан астам ардагер кеңес құрамына кірелген. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевтың айтуынша, ардагерлерге жергілікті әкімдік тарапынан, жеке кәсіп иелерінен қамқорлық жасалады. Сондай-ақ пленумда қатысып көтерген мәселе де назарға алынатынын жеткізді. Бүгінде ардагерлерді алаңдатып отырғаны – қоғамдық көлікте тегін жүру жайы. Бұл мәселе алдағы уақытта әлі де талқыланбақ.

Г.АСКАРҚЫЗЫ

САЛЫҚТЫ БӨЛІП ТӨЛЕУГЕ ДЕ БОЛАДЫ

Салық кодексінде салықтарды және төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін неғұрлым кеш мерзімге өзгерту мүмкіндігі көзделген. Мерзімдерді өзгерту салық міндеттемесін орындау нысанында алты айдан аспайтын мерзімге салық сомаларын біржолғы төлеумен кейінге қалдыру және үш жылдан аспайтын мерзімге салықтардың сомаларын ай сайын немесе тоқсан сайын төлей отырып бөліп төлеу түрлері бар. Бұл мүмкіндіктер кез-келген жағдайда берілмейді.

Төлем көзіннен ұсталатын салықтарды, акциздерді, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға қосылған құн салығын, сондай-ақ ҚР бюджет заңнамасына сәйкес ҚР Ұлттық қорына түсетін салықтарды қоспағанда, салықтардың барлық түрлері бойынша кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу берілуі мүмкін. Мемлекеттік кіріс органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық төлеушінің өтінішін алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Салықтарды және төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы мәселені қарау үшін салық төлеуші мынадай негіздердің бірі болған кезде тиісті мемлекеттік кірістер органына салық өтінішімен жүгінуі қажет.

Салық төлеушілерге айтатынымыз, осы тектес жағдай туындаса берілген осы мүмкіндіктерді пайдалануға кеңес береміз. Сан сауалды аркалап, Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Берешекпен жұмыс бөліміне, 103 кабинетке келіп, кеңес алуға да болады.

Жорабек СУЙРБАЕВ,

Қызылорда қаласы бойынша
МКБ басшысының орынбасары

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ӘРБІРІМІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізін лауазымды қызматкерлер жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жағандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сенім тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау – осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Ветеринария саласы бойынша да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстары күнделікті жүргізіліп отырады. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер заң талаптарына сәйкес жұмыс кестесі бойынша және алдын-ала жазылуы зекпен жүргізіледі. Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясы мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа байланысты арнайы стендтер ілінген. Мекемеде сыбайлас жемқорлықпен күрес тақырыбында арнайы жиналыстар өткізіліп, мамандарға оқу-ағарту шаралары тұрақты жүргізіледі. Инспекцияда электрондық жүйе түбегейлі болмаса да, біршама функциялар, яғни көрсетілетін мемлекеттік қызметтер компьютерлік базамен жүргізілуде. Экспортқа немесе импортқа рұқсат қағаз (сертификат алу үшін), объектілерге ветеринариялық санитариялық қорытынды алғанда сыбайластықты болдырмау мақсатында, жазбаша өтінішті әр азамат өз үйінде отырып немесе «egov» порталы арқылы жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Халыққа қызмет көрсету орталығына барып электронды порталда өтініш беруде жолға қойылған.

Барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, әрбір жеке адамдар өз құзреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

У.КУЛАНБАЕВ,

Қызылорда қалалық аумақтық инспекция басшысы



Өткен ғасырдың 50-інші жылдары аса қиын кезең болғаны жұртқа аян. Қарғыс атқыр, соғыстың аяқталғанына біршама уақыт болғанымен халық әлі толық есін жиып, еңсесін көтере алған жоқ еді. Отағасынан айырылған көп отбасының негізгі сүйенері отанасы жарынан қалған бір-екі саран шамшырағын тұтатып, жағып, соның жарығына жылынып, күн көрем деп армандап, күндіз-түні жұмыс істеді. Көбісі сауатсыздықтан қара жұмыспен айналысты.

Менің замандастарым осындай кезеңде оқып, мектеп бітірді. Сол кезде қазағы 90 пайыздан астам Қызылорда қаласында қазақ тілінде білім беретін екі ғана орта мектеп бар еді. Бірі – 1 май атындағы, екіншісі – №6 қыздар мектебі. Ал бес орта мектеп орыс тілінде жұмыс істеді. Бұл кешегі Кеңес заманының шындығы болатын.

Манайға көз салсақ, 1956 жылы 1 май (қазіргі Қалтай Мұхамеджанов атындағы) мектебін бітірген 105 ұл-қыздан қазір бір-екі саран ғана қалыпты. Солардың бірі – КСРО және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қызылорда облысының құрметті азаматы, Сыр бойынша денсаулық саласында алпыс жыл, оның елуін астамын басшылық қызметте келе жатқан, 1939 жылы 27 наурызда дүниә есігін ашқан Тұрғанбай Маханұлы Маханов.

Тұрғанбай 10-ыншы кластың (сол кезде осылай аталды) «А» тобын менің де кейін өте жақын досым болған Абайділда Дәулетбаевпен бірге бітірді. Ол Ташкенттегі кезінде САЭПИ-дің (Орта Азия политехникалық институты) машина құрастыру-механика факультетіне түсіп, оны үздік тәмамдады. Қызылорда қаласында облыстық, республикалық деңгейдегі өндіріс орындарында отыз жылдай басшы қызметте болып, өндіріс генералы атанған еді. Өкінішке қарай, ол бұл өмірден ерте кетті. Құдайға шүкір, арты жақсы, немере-шөберелер өсіп, есейіп жатыр.

Ал Тұрғанбай Маханов 1963 жылы Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетін бітірген соң Жалағаш аудандық ауруханасында дәрігер-хирург мамандығы бойынша еңбек жолын бастады. Екі жылда қалыптасқан өз мамандығына деген ерекше ықыласы оның өмірлік серігі, өсер өресі болды. Осы ықыласы 1970 жылы облыстық денсаулық сақтау бөлімі менгерушісінің орынбасары қызметінде болғанда Денсаулық сақтау министрлігіне, науқастың алдын алу, емдеу басқармасы басшысының орынбасарлығына, ал 1978 жылы осы бөлімнің басшылығына қызметке шақырғанда сол кездегі министр Төреғелді Шармановқа алғыс айтумен шектелді. Себебі бұл лауазымға қосымша оның өз мамандығын жалғастыруына мүмкіндік болмады. Ал дәрігерлердің жетістікке жетуінің кілті өз мамандығын терең сезініп, беріле жақсы көруде және оған деген ерекше жауапкершілігі екенін Түрекен ерте сезінді.

1965 жылы облыстағы жас мамандарды (ол кезде жоғары мамандық иелері көп те емес еді) жігі қадағалап отыратын облыстық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы София Өтегенқызы Макашева маман және білікті азамат ретінде қалыптаса бастаған шағында келешегінен үлкен үміт күткен Тұрғанбай Махановты өзіне орынбасарлық қызметке шақырды. Оның мамандығына байланысты өтінішіне басшы түсіністікпен қарап, орынбасарлық лауазымына қоса облыстық аурухананың травматология бөлімшесінің травматология қызметі тапсырды.

Медицина атты үлкен әлемге алғашқы қадам басқанда өзіне әріптестік ақылымен, басшылық жол сілтеуімен жадында мәңгілік қалған, облыстық денсаулық саласын отыз жыл басқарған, бүкіл саналы ғұмырын Сыр елінің денсаулық саласын қалыптастыруға арнаған қазақтың ардақты да аяулы қыздарының бірі ғана емес, бірегейі София Макашеваны осы кезге дейін Тұрғанбай Маханов үлкен ілтипатпен еске алып отырады. 2002 жылы София Өтегенқызы туралы жарық көрген «Әйел бақыты» атты кітаптың жетекші авторы да өзі болып еді.

Тұрғанбай Маханов орынбасарлықпен қоса облыстық ауруханадағы қосымша қызметі кезінде ұжым жұмысымен етене танысты, жақсы тәжірибе жинақтады, өз мамандығын жетілдіре түсудің ғылыми жолын да барлады. «Қолдың зақымдануы кезінде бастапқы және кешіктірілген тері трансплантациясы» деген тақырыпта 1973 жылы Мәскеу қаласындағы Орталық дәрігерлер мамандығын жетілдіру институтында кандидаттық диссертация қорғады. Кейін оның сау-сақтарға жасалынған оталар тәсілін ТМД елдерінің хирургтары мен травматологтары өз тәжірибелеріне енгізіп, Мәскеу, Санкт-Петербург, Пермь қалаларының медициналық баспаларында жарияланды.

Облыстық аурухананың бас дәрігері қызметін 1976 жылдан бастап, жиырма екі жылға жалғасқан кезеңді Тұрғанбай Маханов жаңа ізденістер мен жоғары жауапкершілікті тұрақты серік етті. Өзінен бұрын осы

қызметте 19 бас дәрігер болған медицина ғылымының докторы Шәдібай Абдуллаев сияқты тәжірибесі мол, алғыр ұйымдастырушы, жігерлі басшы, адамгершілік қасиеті жоғары азаматтан кейін осы деңгейде жұмыс істеу жаңа басшыға оңай болмады. Алдыңғы толқын тәжірибесі көп нәрсеге үйретті, кейінгі болашағына жол ашқан шын мәнісіндегі өмір мектебі болды. Ал бұрынғы басшы бастаған облыстық ауруханаға тиесілі 1000 орындық науқастар тамақтанатын асхана құрылысын аяқтау, облыстық аурухананың күн шығыс жапсарынан, бірінші қабатында науқастардың жанашырларымен кездесетін зал, екінші қабатында 350 орындық арналған конференц-залы бар екі қабатты ғимарат салу өзі бұрын-соңды құрылыспен айналыспаған жаңа басшыны қосымша түсініктерге ие етті. Ол кейін қажетіне жарады, алдынан шықты. 1999 жылдың қаңтарында облыстық аурухана облыстық медицина орталығы болып қайта құрылғанда өз қызметін директор лауазымында жалғастырған Тұрғанбай Маханов жаңалыққа жаңы құмар басшы ретінде қарамағындағы әртүрлі деңгейдегі мамандармен тіл табыса білу, ортақ мәселеге қатысы бар қызметкерлермен сыйлас һәм тағдырлас болу, жақсыдан үйрену сияқты толып жатқан қасиеттер басшыны өрге сүйреді, биікке көтерді. Өз мамандығының ғылыми биік иесі және ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы түрлі деңгейдегі конференция, форумдарға

1992 жылғы 4 желтоқсанда ашылды. Сонымен қатар көпсалалы аурухана кешенінің құрылысы да аяқталып, ол да жұмысын бастады. Бұл құрылыстарға сол кезде облыс басшылары болған Еркін Нұржанұлы Әуелбеков пен Сейілбек Шаухамановтың үлесі аз болған жоқ. Осылайша ТМД елдерінде сирек кездесетін, замана сұранысына сай қызмет ететін қос ғимарат Қызылорда облысының құтты медициналық мекеніне айналды. Қазір осы орталықтардың емдеу іс-тәжірибелері республикалық, облыстық медициналық ақпарат құралдарында үздіксіз жарияланып келеді.

Дана халқым «Көре-көре көсем, сойлей-сойлей шешен боларсың» деп тегін айтпаған. 1965 жылы облыстық денсаулық сақтау мекемесіне келгенде есеп жазуға қиналған, күнделікті түрлі тағдыры науқастарға жолығу, түрлі деңгейдегі басшы, мамандармен қызметтес болу бойындағы бар мүмкіндікті, алған білімін, күнделікті өмір сабағын молайта түскен, пенденің сырын кеңірек байқаған өмір мектебі Түрекенді майталман маман, қайраткер етіп қана қалыптастырған жоқ, қаламгер де етті. Ол «Әйел бақыты», «Денсаулықтың ақ ордасы», «Өткен күнде белгі көп», «Сәдір сарайы», «Асыл аға», «Дәрігер парызы», «Жетпіс жастан кейін», «Облыстық медицина орталығының даму тарихы», қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген «Өмір өрнегі» атты кітаптардың авторы. Сондай-ақ алдыңғы толқын ағалары мен замандас,

СЫРДЫҢ СЫРБАЗ АЗАМАТЫ

қатысып, сөз сөйлеп, баяндамалар жасап, халық денсаулығын сақтаудың маңызды мәселелерін, әсіресе, кейінгі кездегі Сыр бойында қалыптасқан экологиялық жағдайдың әлеуметтік зардаптарын жеріне жеткізе тұрақты көтеріп отырды. Ол 1994 жылы София қаласында өткен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымының мәжілісінде (Батыс Еуропа және Азия аймақтары үшін) Қазақстан Республикасы атынан қазақ жерінің хал-ахуалымен бірге айырықша Арал аймағы экологиясының медициналық аспектілері туралы сөз сөйледі. 30-дан астам ғылыми еңбектің, 1 монографияның авторы Түрекеннің басшылығымен облыс және ҚР дәрігерлерінің 5 ғылыми жинағы жарық көрді. ҚР ДСМ ғылыми медициналық кеңесі медицина жетістіктерін денсаулық саласына енгізген үшін «Әл Фараби» сыйлығымен, «Гиппократ Ордені» және Ұлттық медициналық ассоциациясы республикалық қоғамдық бірлестігінің ең жоғары наградасы «АВЕ VITA» орденімен марапатталды.

Тұрғанбай Махановтың өмірінде аса бір елеулі кезең оның КСРО халық депутаты болып сайлануымен байланысты болды. Рас, ол кезде облыстардан депутат болып міндетті түрде жұмысшы сайланатын. Ал Қызылорданың негізінен күршілдер ұсынылатын еді. Өйткені ол кезде «Сыр күршісі – ел ырысы» деген мәтел қалыптасқан болатын. Облыс Қазақстан күршісінің 75, Одақтың 25 пайызын беретін.

Кешегі кенестік жүйедегі қайта құру бірсыпыра өзгеше ойларға жетелегені рас. Міне, сондай тірліктің бірі облыстық ардагерлер кеңесі ел ішінде кеңінен танымал болған Тұрғанбай Махановтың кандидатурасын 1989 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің сайлауына депутаттыққа кандидат етіп ұсынды. Мұны облыстық аурухана ұжымы қолдай кетті. Алайда бұл ұсынысты облыс басшылары құптаған жоқ. Тіпті сол кезде облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі маған бірге оқыптың, досына айт, бұл бағыттан бас тартсын деген ұсыныс та болды. Бірақ бұл үдеріс ары қарай жылжи берді. Облыстық іріктеу комиссиясында дауысқа түскен 13 үміткерден күршісі Айнаш Балғабаева – 48, Маханов 52 пайыз дауыс алды. Бұл жағдай жоғары билік басындағыларды қатты ойлаңдырды. Содан күн тәртібіне сайлау өткізу мәселесі қойылып, үшінші кандидат Байқоңыр әскери құрылыс басқармасының басшысы полковник С.К.Гресекеевич болды. Ленинск қаласында өткен бұл сайлау қорытындысында Маханов 52 пайыз дауысқа ие болып, №631 территориялық сайлау округі бойынша КСРО-ның халық депутаты болып сайланды. Бұл жолғы негізгі таңдау кенестік ұғымдағы жұмысшы табының өкіліне емес, халықтың білімді, белгілі өкіліне түсті.

Одақтық деңгейдегі депутаттық мандат көптен ойда жүрген мәселені оятты. Оған негіз бар еді. Өңірдегі экологиялық жағдайдан туындаған жұқпалы індеттер мен табиғи көзі бар кеселдердің өршуі, инфекциялық аурулар көрсеткішінің республикадағыдан жоғары болуы, өкпе, ішкі бездер, онкологиялық және жүйке ауруларына шалдыққандардың жиілеуі, ана мен баланың шетінеуі тым жоғары деңгейде болды. Елдің санитарлық сауаттылығы, адамдардың өзіне және айналасындағылардың денсаулығына деген көзқарасы уақыт талабымен үйлеспеді. Мұның барлығы қалыптасқан жағдайды терең түсінген, жиырма жылдан астам облыс денсаулығы саласында басшы қызметте болған, енді Одақтық деңгейдегі депутат Тұрғанбай Маханов өз қызметінің күн тәртібіне Қызылорда қаласында диагностикалық орталық ашу мәселесін қойды. Сыр өңіріндегі бұл проблемалардың Одақ бойынша назар аударуына өзіндік үлес қосты. Бұл Жоғарғы Кеңестің V сессиясында арнайы айтылды да. Одақ депутаттарының алғашқы съезінде республика басшысына жолығып, өз ойын айтты. Осыдан басталған жұмыс талай есікті қағып, талай республика, Одақ деңгейіндегі басшыларға жолықтырды. Ел алдындағы уәдесі, депутаттық парызы орындалып, республикада алғаш болып облыстық кеңес беру-диагностикалық орталық

қызметтес болғандарға қарыз болып қалған жоқ. Олар туралы да жазды. Мен арнайы «Өмір өрнегі» атты кітапты оқи отырып, дәрігерлік өмірдің адам қарым-қатынасындағы ерекше алаңы екені туралы түсінігімді тереңдетте түстім.

Сәл қиялға берілсек, адамзат қоғамында киелі де сыйлы, теңдесі жоқ екі мамандық иесі бар. Бірі – адам тәрбиелеу, болашақ қоғамның иесін дайындау. Ал – адам жанына арашасы болуды мұрат тұтқан екіншісі – берісі әр адамның, арысы бүкіл елдің тағдырына әсер ететін обал-сауабы да, жауапкершілігі де мол дәрігерлік мамандық. Сол себепті де дәрігердің адами да, кәсіби де беделі мен абыройы алдындағы ауру адамның сырқатының сырын білуімен, оның ықыласын өзінің бар адами қабілетімен, нақты қатынасымен «жаулап» алуымен, өзінің терең білімімен, осы кезге дейін ие болған мамандық тәжірибесімен, адам жанына шынайы арашасы бола білуімен өлшенбек. Сонда ғана дәрігер Гиппократ анттына өзінің адалдығын таныта алады.

Әр адам ашылмаған бір роман деп Қайнекей Жармағамбетов айтқандай, сабырлығымен, тиянақтылығы және тынғылықтылығымен, білімдарлығы және іскер қайраткерлігімен танылған асыл азамат, беделді басшы, «адам мамандығының құлы болмай еңбегінің құны болмайды» деген мағыналы сөздің иесі Тұрғанбай Махановты толықтай аштым дей алмаймыз. Егер оның адами болмысын, маман ретінде сырын, басшы ретінде бірер қасиеттерін аша алсам, сол да жетіп жатар. Өйткені адам болмысы аса күрделі, оның құдіретті сырны ешкім де жете алған жоқ. Және ондай міндет қою да артық болар.

Қазіргі таңда Тұрғанбай Маханов зейнет демалысында. Зейнетке шықса да, жұмысыз емес, көп-бейінді облыстық ауруханасының «Құрметті кеңесші директоры». Айтары жеткілікті, көргені көп қанның ақыл-көнісін тыңдар үлкен ұжым бар, жастар бар, тыңдар құлақ, көргісі келетін көз де аз емес.

Тұрғанбай Махановтың Сыр бойы халқының денсаулық саласындағы көп жылдық қызметі лайықты бағаланды да. Солардың ішінде 1968 жылы «Бүкілодақтық денсаулық сақтау саласының үздігі» белгісіне ие болғанын, 1982 жылы «Қазақ ССР-інің еңбегі сіңген дәрігері» құрметті атақ алғанын, 1971 жылы «Құрмет белгісі», 1981 жылы «Халықтар достығы», 2002 жылы «Құрмет» ордендерімен марапатталғанын атап өтуге болады.

Адам баласының адамзат қауымдастығының толық мүшесі болуы оның сыңарын табуымен, келесі тағдыр көбіне-көп жарына байланысты болатыны бесенден белгілі. Осы өмірде бұған дәлел талай тағдырды құлақпен естіп қана қоймай, көзбен де көрдік. Алған жары жақсы болып, іскер азаматтардың өз мүмкіндігінен биік көрінгенін де, кейін тартып, өз деңгейлерінен төмен болғандарының да аз күзсі болғанымыз жоқ. «Жары» деген бүтіннің тең бөлігі десек, оның тағдыры әсіресе ақ жаулықты аналарға қатысты екеніне ешкім күмәндана қоймас.

Тұрғанбай Маханов Ақтөбе медициналық институтының бесінші курсына оқып жүргенде павлодарлық Сәуір Әділқызымен бас қосып, тағдырын түйістірді. Бір-біріне сүйеніш, адал жар болып, бірінші бағын бірі биіктеге түсіп, екеуінен өрбеген ұрпақтарының қызығын көріп, қазір 60 жылдан астам бірге өмір сүріп келеді. Әсілі, қатар өмір сүру жарасымдылық қана емес, мына пәни дүниенің айырықша мәнді жайы екені түсінікті.

Сөз соңында майталман маман, білікті басшы, қоғам қайраткері, Сыр бойының сырбаз азаматы Тұрғанбай Махановқа сексен бестегі өмірлерінде да сәтті, немере-шөберелеріңіздің әжесімен сапарыңізді тәтті бола берсін дегіміз келеді.

Бәкір Әбдіжәлел Қошқарұлы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің профессоры,
саяси ғылымдарының докторы.

ҚАРА БАЛАНЫ ТАНЫМАЛ ЕТКЕН «ҚАРА КЕМПІР» ЕДІ

Мұрағат қорындағы көне мұраны қайта көтеріп, мезгіл шаңынан сілкіп, тыңдарманымен қауыштыру дегенің ерен еңбектің жемісі ғой. Көне әуездің саф алтындай сақталып, бізге жетуі әлі де болса рухани сабақтастықтың үзілмегенін меңзейді. Осы орайда Сыр бойының әдеби-музыкалық фольклорын зерттеп, ғылыми айналымға қосып, түбегейлі насихаттауда еселе еңбек етіп жүрген, бойына алуан өнердің түрін теңдеген белгілі фольклортанушы ғалым, эрик жыршы Берік Жүсіповтің додаға енді қосылған кездегі он сегіз жасында жазылған дауысы сақталып, бүгінге жеткені туралы сүйінші хабар естіген соң, орайын тауып, өзімен тілдесуді жөн көрдік.

– Жақында белгілі дыбыс режиссері, эрик, ғалым Мақсат Мұхитденовтің соңында қалған мұрағат, сол кезде мемлекет тарапынан жоспарлы түрде жазып алынған қымбат дауыстарды жары Гүлжамал Айдарқызы «Қазақ кітабы» баспасынан электронды жинақ етіп шығарыпты. Сол туралы айтып өтесіңіз...

– «Бала жыршы» кезімдегі дауысым жазылған ұнтапның түпнұсқасы табылғанын естігенде ерекше қуандым. Мұрағаттанушы маман Саян Ақмолда өңдеп, көшіріп, күйші Мұрат Әбуғазы құрастырып, үйлестірген Мақаннан қалған көмбе сауатты жүйеленіп, «Мәңгілік мұра» атты үш бөлімді музыкалық антологияға жүктеліп, жүзге тарта орындаушы арқылы мыңға жуық інжу-маржан қазақтың рухани қамбасын толтырды. Енді болмағанда, әлгі таспаға сұрау салып, Ташкентке шыққалы отыр едім. Көрмейсің бе, «Іздегенге – сұраған!» дегендей, біраз шаруаның жеңілдегені. Осыдан оншақты жыл бұрын Қызылорда облыстық телерадиокомитетін басқарған белгілі журналист Жақсылық Бекқожаев жазып қалдырған мектеп жасындағы дауысым жазылған таспа қолыма тиген еді. Екі «олжамды» да тыңдап отырып, еріксіз езу тарттым. Балалық шақтың белгісі, өмірдің бір белесі демесен, бұл орындау үлгілерінен үлкен шеберлік, жыршылық деңгей іздеуге болмайды.

– Оның жайына бір айналып, кеңірек тоқталармыз. Жаңа сөз арасында, дауысымды «Ташкенттен сұратқалы отыр едім» деп қалды. Неге Ташкент, «бала Беріктің» дауысына ол қаланың қандай қатысы бар? Біздің білуімізше, Алматыда оқыған сияқты едің...

– Екінші дүниежүзілік соғас басталған 1941 жылы Ташкентке, сонау Ресейден көшірілген В.П.Ногин атындағы комбинаттың негізінде ашылған Кеңес Одағының тапсырысын орындап, қажетін өтеуге басымдық берген әйгілі граммофонды күйтабақ (грампластинка) зауыты болды. Заманында даңқының жер жарғаны сондай, осындай өнімдер түрін шығарумен айналысатын әйгілі Ленинград зауытымен иық тіресіп тұрды. Мұның қабырғасында Орта Азия халықтарының ұлттық музыка мұралары, сол кездегі даңқты өнер шеберлерінің қайталанбас дауыстары жазылды. Жұмысын жүйелі түрде жолға қоя бастаған 1957 жылдары Ташкенттің, кейін Орта Азияның халық шаруашылығы кеңесінің қарамағына көшіп, бүкілодақтық «Мелодия» фирмасының құрамына кірген зауыт 1969 жылы Мұлла Түйчи Ташмұхамедовтің есімін иеленіп, стереофонды күйтабақтар шығаруды меңгерді.

Осы зауыттан шыққан түрлі күйтабақ жинақтарға Сыр бойынан Б.Омаров, Ф.Төлегенова, Ә.Батырбеков, Қ.Бүрлібаев, Ж.Ахметова, А.Мамытбаев, Т.Дүйсебеков секілді орындаушылардың бір-екі ән, күй, термелері жазылды. Кіші граммофонды күйтабақ шығарғандар Ә.Әбуов, Ә.Ноғайбаев, С.Баймағамбетов, Ш.Төлепова, Н.Ойнарова, А.Сәрсенбаев, ал граммофонды үлкен күйтабақ жанық көргендер К.Рүстембеков, Б.Ердаулетов, Б.Рүстембеков, Ә.Еңкебаев, А.Алматов, А.Тұяқбаев, И.Ысқақов, Қ.Тасбергеновтер болатын. Күндей күркіреген Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құлаған тұста, он сегіз жастағы дауысым таңбаланған «Жыр күмбезі» граммофонды үлкен күйтабақтан кейін, көп ұзамай-ақ, зауыт өзінің соңғы өнімін шығардыға есептеліп, жабылды. Сөйтіп Ташкенттің тәмам болды.

– Менің білуімізше, бұл кезде Алматы мемлекеттік консерваториясының студентісің. Ал енді, қанша жалынсаң да қайтып келмейтін, қолыңның ұшына да бермейтін сол кезең туралы, осы кезде дәріс берген

ұстаздарың жайында айтарың баршылық екенің білеміз. Қанша дегенмен, қасиетті өнер ордасынан даңқты музыканттар шығып, өнерімен дүйім елге танылды емес пе?

– Әлі есімде, консерваторияның дайындық бөліміне қабылданған жылым, толық студент атанбаған кезім. Арқаның ән мұрасын теңдеп, көкірегіне қазына артып, Бекболат келген, Сыр бойынан бір күн, бір түн жырлайтын репертуар менгеріп біз, әйгілі Абай топырағынан Мейіргүл мен Базаркүл есімді екі қыз... Қазіргі Халық әні кафедрасының тарихындағы алғашқы төрт студент осылар.

Соның алдында ғана, 1986 жылы Алматыда, орталық алаңда болған, жастар мен студенттердің бас көтеріп, теңдік сұраған «қанды оқиғаға» қатысты, соны ұйымдастыруға ұйытқы болды» деген желеумен әйгілі композитор Ғазиза Ахметқызы Жұбанова ректорлық қызметінен босатылған. Қазақы қалпын бұзбаған асыл апаны анда-санда көреміз, консерваторияға келіп-кетіп, өзіне тиесілі сабағын беріп кетіп жүретін. Рабайда, консерватория дәліздерінде қарсы кездесе қалса, ерекше мейіріммен қарайтын. Әрине, іштей бәрін біледі екен ғой. Бірақ сыртына шығарып айтқан кезін естіген, көрген жерім жоқ. Білетінім, басын тік көтеріп, үнемі жайдары қалыппен, күлім қағып жүретін. Ішкі дүниесі онырылып, алай-түлей болып жатқанын біз ол кезде қайдан білейік.

– Әйгілі лингвист-тюрколог Құдайберген Жұбановтың қарындасы, қазаққа аянбай, жанын жалдан қызмет еткен композитор, музыкатанушы, қайран Ахмет Жұбановтың қызы. Сондай тұлғаларға да орынсыз қиянат жасалды, ә?

– Енді қатесің, саясатың сыйықсыз болса, қай кезде де көрген күнің содан артық болмайды. Қасиетті орын бос тұрушы ма еді, көп ұзаған жоқ, Ғазиза Ахметқызының тұғыр тағына Дүйсен Қасейінов басшылық қызметке тағайындалды. Ректорымыздың жалындап, арындап тұрған шағы, үнемі жарқыдап жүреді. Жанандан ашылған Халық әні кафедрасының дайындық курсының «әйгілі студенттерін», әсіресе Бекенді ерекше бауырлайды. Бізді де онша теріс көрмейтінін ішім сезеді. Теріс көргенін не, ағалық қамқорлығын аяған жоқ. Сол үшін де қарыздармын Дүйсекеңе. Бұл жайында ұятығы әзілі тиген жерін ойып түсіретін Бауыржан Омардың «Қазір менің Дүйсен ағам ректор» деп басталатын бізге арнаған тармақты әзіл шумақтарында әжептәуір айтылған. Несін тәптіштей берейін, консерватория тарихында дәстүрлі өнердің аймақтық ерекшелігіне ден қойып, ауылдан келген бір-екі қара балаға бола, тұтас кафедра ашу оңай болды десек, кателесеміз. Біреу мұның болашағы бар десе, кейбіреулер керісінше, ұлттық өнер – ән мен жырға күмәнмен қарап, миығынан күліп жүрген дудемал уақыт қой.

Біздер арқылы алғаш рет, ғылыми тәжірибе есебінде жасалған бағдарлы жұмыстың бағыты сол – дәстүрлі өнерпазға диплом беріп қана қоймай, бейімділерін ғылымға баулып көрмекші еді. Әрине, мұндай іске мұрындық болған музыкатанушы Ә.Нұрманова, Ә.Байғасқина, Ә.Мұхамбетова, С.Еламанова, С.Райымбергенова сияқты дәріс оқыған ұстаздардың бізден енебегі қайтты ма, жоқ па, ол жағын айта алмаймын. Игі жұмыстың бәрін сол кездегі халық аспаптары факультетінің деканы М.Каленбаева, кафедра менгерушісі Ж.Кәрімов, М.Қалауов, А.Алматов, Қ.Ахмедияров, Д.Тұяқбаев, Қ.Байбосынов, Б.Қосбарсөздер мұрындық болды. Арнайы музыкалық дайындықтан өтпеген, халық арасындағы дәстүрлі ән-жырды менгерген бірнеше айтушыға бола кафедра ашылығына консерваторияның кейбір профессорлар құрамы

тіпті қарсы еді. Оның үстіне, Құдайдың еркесіміз. Сахнадан төбеміз көрінсе болды, жұрт дүркірете қол соғады, мүйізі қарағайдай ағалар қолдап, қолпаштап, сөзімізді сөйлей жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша түлкі бұлаңмен өте шыққан қайран дәурен, тұтас дәуір-ай десенші.

– Сыр бойының әдеби-музыкалық мұраларын зерттеу арқылы ғылым айданына шығып, биік толқындарға құлаш сермеу өзіңді әншілік, жыршылық, күйшілік ортадан, сахна төрінен сәл де болса, алыстатып жіберді деп ойламайсың ба? Ән шықпап, жыр жырлап жүре бергенде, бәлкім белгілі әртіс болар ма едің дегенің ғой. Кезінде өзіңді осындай арман қанаттандырды ма?

– Сөзіңнің жаны бар. Үнемі ой түбінде жүретін кептің бірі – осы. Сөз жоқ, әуелде Алматыға сахнагер болуды көздеп келдік. Бірақ қазір ойлап отырсам, қазақ сахнасы бізсіз де әртіске кенде емес екен. Ұстаздық жолды да қалағаным жоқ. Шөкіртің бағын байлау арқылы бақытқа қол жеткізетін «ұстазды» түсінбейді екенмін. Аман қалса, табиғатым солай. Зерттеусіз келе жатқан дәстүрлі қазақ өнерінің болашағы үшін бір адам сахнаның салтанатын құрбандыққа шалып, әртістікпен қош айтысу керек болды. Кім біледі, бәлкім сол тұста Тәңір ылық таңдауын бізге түсірген шығар? Әйтпесе қазақ теледиданисінің әуе толқындары арнайы хабарлар жасап, БАҚ дегеніңіз бүркырата жазып, дауысымызды Қазақ радиосы таспалап, өнерім жан-жақты насихатталып, концерттік сапарларымыз жиілей бастаған жұлдызды кезеңде, шынымды айтсам, кейін бірыңғай ғылым, білім жолына бет бұратынымды білген жоқпын.

Осындай күндердің бірінде әйгілі Қазанғап күйшінің мұрасын іңдеті зерттеген домбырашы, зерттеуші Абдулхамит Райымбергенов мені ай-шайға қаратпай ертіп алып, қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының гимаратына алып келді. Обалы не керек, Әбекең бізді бірталай жерге дейін сүйреді. Жасыратыны жоқ, біз кейде ерекше те, көбіне сүйретілдік. Қалай десем екен, жана айттым ғой, іштей бір түсініксіз, қарсылық болды. Сахнадан гөрі кітапхана жақты, ғылымды тірліктей бердім. Сол кезде консерваторияның қабырғасында жанадан құрылып, атағы дүрілдеп тұрған фольклорлық-этнографиялық «Мұрагер» ансамблі мені әнші етіп қабылдады. Кейін олар шарықтап, бірыңғай шет мемлекеттерді аралап, дүние жүзін адақтай бастады. Біз ермей қалдық, арман, аңсарым өзге болып шықты. Соған қарағанда, Сыр бойының әдеби-музыкалық мұрасын зерттеу керек дегенді мидым терең қабатына мықтап отырғанынан болсам керек. Әйтеуір әлгі ойдың шырмауынан шыға алмадық. Неге өйткенін осы күні өзіме де түсініксіз. Әйтпесе, өзің айтқандай, бұл күнде мүйізі қарағайдай әртіс болып жүрер едік, мұртымызды таулап.

– Сонымен, Абдулхамит ағаның Опера және балет театрының гимаратындағы студияға алып келді. Ол кезде қазіргі заманауи дыбыс жазғыш құралдар да, әуелі студиялар да болмаған шығар? Айтпақшы, енді ойма түсіп отыр, сол кезде Берік Жүсіповтің есімі Алтыбек Қоразбаевтың «Қара кемпір» әнімен танылғаны рас па өзі?

– Рас болғанда қандай, Жалағаш ауданындағы №202 орта мектепте оқытқан қара баланы танымал еткен Алтекеннің «Қара кемпірі». Жалпы мектепте оқып жүргенде мені сахнаға алып шыққан терме емес. Солай, замандас, қара баланың атын шығарған «Қара кемпір». Ал одан кейін шығарған «Қара қыз», «Қара шалына» жолған жоқпын. Байқап отырған шығарсың, бұл үдеріс сол кездегі тыңдаушы қауымның құлқы Сырдың ескі терме, саздарынан гөрі, заманауи

әндерге ауа бастағанын білдіреді. Дәстүр дегенің сол, бір күнде шөжіп, айнымайды, жылдар өте келе, сиыр құйымшақтанып, шет-шепірлеп сөтіней береді. Кейде бұл үдеріс мүлдем бұйығы жүреді. Әйтпесе, термеші кезімдегі бала дауысымды Қызылорда облыстық телерадиокомитеті тым ерте, он үш-он төрт жасында жазып алғанын айттым ғой, ілгергі сөзімде.

...Қош, сонымен, оқуғатүскен жылы өкпеме суық тиіп қатты науқастанып, бір жыл академиялық демалыс алып, әбден емделіп, оқуға қайта қосылған кезім еді. Ол заманда дыбыс жазу жұмысы түнде, жұрт аяғы басылғанда жүргізілетін. Кеңес Одағының тұсында қалыптасқан тәртіп солай. Әйтпесе, әлгідей гимараттың жергөлесіне орналасқан, көсіби жабылған студияға сырттан артық-ауыс дыбыс түгілі, шыбынның ызыны да естілмейді. Жүрегі алып ұшып тұрған бозбалда қандай денгей болсын? Көп нәрсені сезінбей, ақыл бетбөніне салмай, тек бергі жағыммен, жеңіл-желпі орындаған терме, саздарды осы күні қайта тыңдаған кезде іштей қынжылатынымды жасырмаймын. Жалпы менің бір түсінігім, қосым жеткен мүлтіксіз ақиқат – ән, күй, мақам айту деген ақыл, парасат, пайым, денгей, жас ерекшелігі, өмір тәжірибесі арқылы келеді екен. Жирма жеті жасында қайрықты жұлдыздай ағып өткен, марқұм Көшеней Рүстембеков күйтабаққа жазған алғашқы термелерін «Тыңдап отырып, ұяламын!» дейді екен ғой. Қошағанның осы айтқанына қосылмасқа шарам жоқ. Десек те мұндай граммофонды үлкен күйтабақ шығаруға ол кезде біз секілді студент түгілі, консерваторияда неше жыл дәріс жүргізген, сахна көрген профессорлардың да қолы жете бермейтін...

– Иә, бәлкім бақ деп жүргеніміз осы шығар? Ал қазір қалай, қара домбыранды қолға алып, әулетегің күндерің көп пе? Бұл күнде репертуарың да толық таспалап, жазып тастаған боларсың?

– Тап осы кезде Сыр өңірінің мақам саздарына қоса, көптеген ән-күйлерін, одан өзге де ауызекі мұраларын білесек те, соны ретін тауып, таспалап тастауға келгенде кезегеміз кейін тарта беретін болып жүр. Әрине, бұл жақсы әдет емес. Көкірегіңді репертуардың «пісіп, жетілу» деген ұғым бар. Негізі, білетін нәрселерің алдымен әбден күйтіңе келіп, жетілуі керек. Бабына келтіремін деп жүріп, шамадан асырып алсаң да дұрыс болмайды. Ұстазым Жәнібек Қарменов «Көкірегіңде пісіп, жетіліп тұрған үш жүз елуге тарта ән бар...» деп отырушы еді, иманды болғыр. Өкінішке қарай, бұл күнде соның отызға жетер-жетпесі ғана таспаланып қалғаны белгілі болып отыр. Негізі, кім-кімнің де репертуары дер кезінде, мезгіл мен кезек, жас пен жыл ерекшелігін сақтай отырып, таңбаланып, таспаға түсіріліп отыруы тиіс. Оның үстіне, бір орындаған мақам, ән, күйдің бірнеше жағдайда жазылған әлденеше нұсқасы болуы міндетті. Кейінгілер зерттеу нысанына айналдырып, сальстырып, салғастырып қарау үшін бүгінгі, жетілген ғылымның қойып отырған басты талап, тілегі – осы. Бұл жағынан сәл ұяттылауымыз, әрине. Жалпы «ақымақтау» кезінде күйеуге тиіп үлгеретін қыздардың бақыты болып кетуге мүмкіндігі молырақ болатыны сияқты, ақылға салған қай нәрсенің де ақыры уайым екен.


Бұрынғылар айтқан, «Ақылды ойланамын дегенше, тентек шаруасын бітіреді». Ең дұрысы осы екен. Шынын айту керек, бұл күнде қолға бір мезгіл домбыра ұстай қойсаң, дауысың келсе, домбыраның құлағы, құлақ күйі келіссе, дауысың ілеспей тұрған сияқты бір ілгіш болады да тұрады. Адай Қашаған ақын айтқандай, «Жас сексеннен асып жүр, / Өз тымағың бүгінде, / Ауыр болып басымды, / Зіл болып, құрғыр, басып жүр. / Қолдағы бұлбұл домбыра, / Сағасымен өкпелеп, / Өз алдына көкіп жүр. / Жорғалаған он саусақ, / Киюласпай ырағы, / Он тарапқа өтіп жүр» дегеннің кері ғой, сол баяғы. Солай, замандас, кемеріңе келген кемел шағымда білетін, әбден пісіп-жетілген мақам-саздардан әзірге ештеңе таспаламай, таспалап тастаған «көмшін» уақытымызға қоңіліміз толмай отырған жайымыз бар.

– Десе де, ақиректің жүзіндегі лыпып тұрған қайран он сегізінде, жас болмай, бас болып жүріп орындаған күйтабаққа Сыр бойының қандай терме-толғаулары таспаланыпты? Ол кездің дыбыс жазуға деген талабын айттың ғой, соған қарағанда сапасыз да өзгеше шығар?

– Жазу жұмысын Ташкенттегі граммофонды күйтабақ зауытының Алматыдағы бөлімшесі жүргізгенін, оның үстіне, дыбыс режиссері марқұм Мақан болған соң, жаман болмайды ғой, дыбыс сапасында мін жоқ. Бірақ кейінгі шығарушылар кейбір таспаларға музыкалық деңгейлестіру, яғни дауыс пен аспапты теңестіру жұмысын жасауды ұмытып кеткен сияқты. Өкінішке қарай, соның қатарында менің де дауысым бар екен. Аман жоқ, кейін ретін тауып, қайта шығару керек екенін көзім жетіп отыр. Бастысы он сегіз жастағы дауысым таңбаланған таспаның түпнұсқасы табылды! Жақын күндердің бірінде түпнұсқаны Мұрат Әбуғазы інім қолыма тигізді. Қолға тиген соң репертуарымды тізімдеп, қарап шықтым. Бас-аяғы он бес терме екен: «Құлақ салып, сөз тыңда» (Нұртуған), «Ашпас» (қарасакал Ерімбет), «Бұйратбекке» (Қазак), «Сабыттың термесі» (Сабыт), «Сөз сөйлейтін термеден» (Наурызбай), «Кереге, ұяқ тақпанмен...» (Турмағамбет), «Ер жігіт» (Кете Жүсіп), «Адамдық қасиет» (алтын Сейітжан), «Көшенейге» (Әзірбек), «Нұртуғанның толғауы» (Нұртуған), «Терме» (Нұртуған), «Жақсы адам жағым мінез...» (Турмағамбет), «Бастау» (Жіенбай), «Маньрама» (Тасберген), «Терме» (Нұртуған) Жаңағайдай, «байдың қызында да бола беретін» азын-аулақ ақауларын есептегенде, репертуар жағынан мүлтіксіз деуге болады.

– Бәрекелді, Беке, осыдан отыз алты жыл бұрын таспаға түсіп, қайта оралып, қолыңа тиген баға жетпес өнеріңнің бір белесі – «олжан» құтты болсын. Берісі Сыр бойының халқы, әрісі күлді қазақ өзіңді ерекше құрмет тұтды.

Сұхбаттасқан Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА





АДАМ МЕН АРАМ

– Ассалаумағалейкум!
– Уағалейкумассалам, енді ақысын төле!

– Бес жүз теңгені майдалап бересіз бе?
– Берейін. Бірақ еңбегіме елу теңге бересіз.

– Автовокзалға қандай автобуспен баруға болады?
– Білмедім.
– Рахмет!
– Әй, тоқта, берген жауабымның бұйымтайын қайтар.
– Алдымен босқа айтқан алғысымды қайтар! О несі-ей.

– Жолақы төленізі!
– Неге? Бұл жолмен жаяу жүріп келе жатырмын ғой.
– Жолдың егесі мемін. Төк іште, дауай, төленізі!

– Үйде су болмай тұр. Есігіңіздің алдындағы қардан ерітін ішу үшін екі шелек қар ала тұрайыншы.
– Шелегі 80 теңгеден ала ғой.

БАЛПАҢБАЙ МЕН
ЖАЛТАҢБАЙ

– Бізбен бірге қызмет істейтін Балпаңбай деген біреу күнде жұмысқа кешігіп келеді. Сол кінәсі мен күнәсіне қарамастан есіктен ешіріп кіреді. Оған Құдайдың бір пендесі пәлен демейді. Ал Жалтаңбай жұмысқа күнде уақытылы келіп, алдына келгендерге жауапты нақты беріп, бөлімшені мінсіз басқарып, міндетін мынауский атқарып жүрсе де, байғұстың басынан тоқтап кетпейді. Сол Жалтаңбайдың алды мен артынан, оны мен солынан тіпті бүйірінен, мүлде үйірімен «слешка» деген «соқпақ» кетпейді. Бұны қалай түсінуге болады?

– Әй, оның не түсінбейтіні бар? Балпаңбайың теңгесі – теңіз, тірегі семіз біреу шығар. Сондықтан оған ешкімнің тісі батпайтын болар, амалсыздан ісін жақтайтын болар. Ал Жалтаңбайың теңгесі тамшыдай, қолдаушысы қаншырдай қаттыш біреу болуы мүмкін. Теңгесі көп, тірегі мықты талтаңдап жүретін, теңгесі жоқ, тірегі осал, жалтаңдап жүретін заман емес пе?

– Рахмет, енді түсіндім.



МАХАББАТТЫҢ МАШАҚАТТАРЫ

– Алғашқыда сіріңкеден тұтанған оттай лаулап, кейін сүйіспеншілік сезімнің ұшқыны қаулап, соңында бойың мен ойыңды махаббаттың түрлі машақаттары жаулап алатынын білесің бе?

– Күнделікті күйбең тірліктен қолым босамаған соң махаббаттың машақаттарына онша мән бермеймін.

– Онда тыңдай қой, рет-ретімен айтайын: қыз бен жігіттің арасындағы қып-қызыл қызған шоқтай шексіз махаббат... Ерлі-зайыптылар арасындағы ерекше махаббат. Ұрпаққа деген ұланғайыр, ұзақ махаббат... Ақшаға деген айырықша махаббат... Сәнді сарай мен шетелдік көлікке деген шексіз махаббат... Тағысын тағылар... Міне, осылайша махаббаттың түрлі-түрлі машақаттары мен қилы-қилы қиындықтары жалғасып кете береді.

– Ойпырмай, өмір деген ысплашной сүйіспеншілік сезім мен махаббаттың мыңы мүлті ететін мың сан машақаттарынан тұрады екен-ау...

– Иә, сен қалай ойлап едің?

ӨНІ ӨЗГЕРГЕН
ЖҰМБАҚТАР

Өзі «батыр»,
Бірақ тасадә тығылып жатыр.
(Қақпан емес, қарақысы)

Койым қорадан тұрып кетті,
Кешке өрістен құрып кетті.
(Ұрлық)

Сыртқы дүниесі таза,
Ішкі дүниесі аза.
(Жезоқие)

Қара сиырым қарап тұр,
Қызыл сиырым жалап тұр.
Болмаса да жем-шөбі,
Сүт беруге жарап тұр.
(Көбейдің қазан-ошағы)

Ол қонса басына,
Шыбын үймелер қасына.
(Бақ пен тақ)

Ежелгі көлік ескіріп барады,
«Сигналы» сирек естіліп қалады.
(Есек)

«Құлагерлер» сиреп кетті,
«Құлтемірлер» жиілеп кетті.
Адамзаттың жан дүниесін,
Сол қуларың билеп кетті.

(Темір тұлпарлар)

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ
Сурет ашық дереккөзден алынды

Біздің ауылда Жиенбай деген соғыс ардагері болды. Басқалардан айырмашылығы өте ырымшыл әрі балажан болатын. Өзі көп сөйлемейтін томаға тұйық кісі еді. Өлгенше немерелерімен бірге жататын. Қасында жатқан дап-дардай немере ұл мен немере қыздарының бірінің арқасын қасына, бірінің басынан сүйіп, бірінің аяғынан сүйіп түнімен еркелетіп жататын.

бүкіл ауылмен бірге күтіп жата берді. Бірі елге қадірлі болған осы шынашақтай шалды сыйлағаннан болар, сондықтан қуанышына ортақ болғысы келгеннен болса, кейбірі сол көп сөйлемейтін аңғал шалдың батыр мінезін қорықса керек. Өйткені бірде ауылда арақ ішіп алып жұрттың берекесін ала берген зінгіттей жігітті осы шал бір ұрып шалқасынан түсіргенін бүкіл ел

«Әке енді метіргеке кім деп жаздырамыз?» деген жалғыз ұлы шалдың қараған көзінен тайқып, үндеместен үйден шығып кетті. Шалдың баласы мен келініне уайым боп жүрген сол ат қою мәселесін ауылдағы мұғалім досы шешіп берді. Ол досына:

– Қызларына қалаған аттарыңды қойыңдар да шалға атын Көтібар деп жаздырдық дей салыңдар,

Шалдың қызы



Әуелгі жылдары жалғыз ұлдан туған алғашқы немересі шетінен шал қатты қайғырыпты. Үш күн бойы ұйықтамай:

– Мен саған не жаздым, немеремді алғашқы немересі шетінен шал қатты қайғырыпты. Үш күн бойы ұйықтамай:

– Мен саған не жаздым, немеремді алғашқы немересі шетінен шал қатты қайғырыпты. Үш күн бойы ұйықтамай:

– Мен саған не жаздым, немеремді алғашқы немересі шетінен шал қатты қайғырыпты. Үш күн бойы ұйықтамай:

– Мен саған не жаздым, немеремді алғашқы немересі шетінен шал қатты қайғырыпты. Үш күн бойы ұйықтамай:

– Мен саған не жаздым, немеремді алғашқы немересі шетінен шал қатты қайғырыпты. Үш күн бойы ұйықтамай:

– Мен саған не жаздым, немеремді алғашқы немересі шетінен шал қатты қайғырыпты. Үш күн бойы ұйықтамай:

– Мен саған не жаздым, немеремді алғашқы немересі шетінен шал қатты қайғырыпты. Үш күн бойы ұйықтамай:

– Мен саған не жаздым, немеремді алғашқы немересі шетінен шал қатты қайғырыпты. Үш күн бойы ұйықтамай:

көрген еді. Содан кейін жұрт бұл шалмен абайлап сөйлесетін болды. Қазіргі тілмен айтқанда, шал содан кейін зібезді болды. Шалдың келіні толғатып жатыр дегенді естіген жұрт жым-жырт боп үйлерінде жатты. Шалдың үй жағына баруға ешкімнің батылы жетпеді.

– Соғыста қан көрген бұл шалдан бәрін күтуге болады, – деп ел түгел үндемей жатып күтті шалдың немересін. Оның үстіне шалдың өзі азаннан есік алдында қолында қос ауыз мылтықпен теңселіп жүргенін көрген жұрт далаға қалай шықсын. Осылай тым-тырыс жатқан ауылды бір кезде гүре еткен мылтық дауысы дүр сілкіндірді. Біреулері:

– Мына шал кімді атты екен, – деп елдендесе:

– Шалға «мешәйт» еткен біреу ғой, бұл шал өте «әпәсний» адам, – деді баяғы шалдан таяқ жеген жігіт.

Ол ештеңе емес, ауылдағы ұйқысоғар әрі нансоғар бір жігіт мылтық тарс ете қалғанда бұтына жіберіп қойыпты. Өзі ірі болатын. Кластастары «әй, көтені жоқ қорқақ неме елге маскара болдық-ау», – депті.

Қойшы – сол у-шудың аяғы Көтібар туды, Көтібар туды деп бөріктерін аспанға атқан қуанышты айқайға ұласты. Соғысқа қатысқан бір шал:

– Нақ мынадай қуанышты айқай Берлинді алғанда да болмаған шығар, – деді таңданып.

Ел көптен күткен Көтібар осылай өмірге келді. Ауылдың үлкендері немерелі болған Жиенбай шалдың үйіне қарай ағылса, ауыл жігіттері дүкенге қарай жүгірді.

Кейін білдік, біріншіден, мылтықты шал келінінің толғағы оңай болсын деп аспанға әдейі атқан екен. Екіншіден, көп күткен Көтібар әлгі шал айтқандай болмай шықты, яғни... не ғой, әлгі несі... жоқ боп шықты. Мұны естігендердің бірі бұл қалай болғаны, деп, бірі өтпеген-ай, деп күбірлесе бастады. Ал орысша қосып сөйлейтін ағай «Старик глухо ошибся», – деді темекісін сөндіріп жатып. Ауыл молдасы Қуанышбай «бәрі де Алланың қолында», – деді. Бәріне де көзі жеткен ауыл үлкендері шалдан:

– Енді кішкентайдың атын кім қоямыз, – деп сұрады жәймен ғана. Оларға шал шегір көзін шапырашандыра қарап:

– Бұрын айттым ғой бәріне, мен екі сөйлемеймін, – деп барқ ете қалды.

бәрібір әкелерінің сауаты жоқ, оқи алмайды, – деп қуантқан еді. Солай болды да.

Шал сол Көтібарды жақсы көргені сонша қараптан қарап:

– Көтібарым-ау, батырмын-ау әшейін, – деп айналып-толғанып жүргені. Ал Көтібар ше, шал айналған сайын біресе қоқандып секіріп, біресе шпагатқа отырып өзіне асып тасып кетеді. Басқа немерелері мектепке жаяу барса, шал Көтібарды есекпен апарып келетін. Жалғыз ұлы басқа балаларына ұрыса да, ұрса да шалдың бетіне келмейтін. Ал Көтібарға бірдене деп көрсін, жалғыз ұлы келімен қосып үйден қуып шығуға дайын еді. Кейін Шал ауырып жатқанда баласы мен келінін шақырып:

– Менің көзім тіріде де, өлген соң да осы қызыма ұрысып не қол тигізіп жүрмеңдер, әйтпесе о дүниеде жатып та тыныштық бермеймін сендерге, – деп ескертті.

Сол қыз, яғни шалдың Көтібары атасының көзі кеткенше бұзық боп өсті. Бір күні бір көршілері шалдың жалғыз ұлына келіп:

– Ей, көке, анау бұзық қыздарыңа қой десендерші, баламызды ұрып тастапты тағы, деп арыз айта келгенде, айналайындар, менен аулақ жүріңдер, бұл қызға менің әмірім жүрмейді. Қызына ұрса деп шалдан таяқ жейтін жағдай жоқ, деп азар да безер болған. Көтібар мектепте тиіскен, мазактаған балаларды ғана шетінен сабайтын. Балалары таяқ жеген талай адам шалға шағым жасап келетін. Кейбіреулері шалға келіп:

– Ақсақал, қызыңызға қой деп айтсаңызшы, баламызды сабап тастапты, – дегендерге «Балаңа айт, өзі тиісің, қыздан таяқ жесе өлсін», – деп шығарып салады екен. Бір күні жабылған үш төрт кластас баланы шалдың қызы бір өзі қуып жүріп сабаған.

Бұзық болғанмен тек тиіскендерді ғана ұратын әрі өте ақылды екенін білетін жұрт сол қызды Тентекқыз атап кетті. Қазір отбасылы болып, күйеуімен, ағайын-туғандарымен тату-тәтті тұрып жатқан сол Тентекқыз үлкен шалдың қызы екенін, баяғыда кластастарын күнде сабайтын «жынды Көтібар» екенін кім білсін.

Дәнше ЫРЫС

Сурет ашық дереккөзден алынды

ЖЕБЕ



Аялдамадағы ой

Тамшы да тасты жарайды,
Бір аяқ сүрлеу салады.
Қыруар қаржы жұмсалған,
Мына шөп те «өліп» қалады.

Жаяудың шығар шаны бар,
Әр сәтте шешім табылар.

Баспалдағы бар артында,
Аялдамалардың бағы бар.

Маза бермейтін ой кені,
Мәселе ме екен, ой, тегі?!
Басқалардікің қарап ап,
Баспалдақ салса қайтеді?

ҚОШҚАРБАЙ



Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2973 Тапсырыс №996

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҮРЛЫБАЙ